

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ҒYLYM MINISTRLOGI
Ó. SULTANĠAZIN ATYNDAGY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNIVERSITETI



**«Sultanġazin oqylary» I-shi Halyqaralyq
ǵylymi-praktikalyq konferensiasynyŋ
MATERIALDARY**

17-18 мамыр 2019

**МАТЕРИАЛЫ
I-ой Международной научно-практической
конференции «Султангазинские чтения»**

17-18 мая 2019

**MATERIALS
of the Ist International scientific and practical
conference «Sultangazin readings»**

May 17-18, 2019

Qostanai, 2019

ӘОЖ 378 (094)
КБЖ 74.58
С 89

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор

Әбіл Еркін Аманжолұлы
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасарлары:

Медетов Нурлан Амирович
физика-математика ғылымдарының докторы
Ташетов Аманжол Аскарович
PhD докторы

Редакциялық алқа мүшелері:

Утегенова Бибикуль Мазановна
педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент
Евдокимова Ольга Николаевна
педагогикалық ғылымдар кандидаты
Балгабаева Гаухар Зкрияновна
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Жумабаев Канат Аканович
кандидат экономических наук
Бобренко Марина Александровна
Сатбаева Муснай Тулегеновна
Жиенбаева Аида Аманжолқызы

С 89 «Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. = Материалы международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения». = Materials of the international scientific and practical conference on «Sultangazin readings». – Қостанай, 2019.

ISBN 978-601-7934-72-9

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинағында білім беру жүйесін дамыту мен кадрларды даярлаудың ғылыми әлеуетін арттыру, қоғамды дамытудың маңызды мәселелері және «Мәңгілік Ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру жайында зерттеулер жарық көрді.

В материалах международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения» опубликованы исследования актуальных вопросов развития системы образования и научного потенциала подготовки кадров, общества и реализации основных принципов программы «Мәңгілік ел».

The materials of the international scientific-practical conference «Sultangazin Readings» are devoted to studies of topical issues of the development of the education system and the scientific potential of personnel training, society and the implementation of the basic principles of the program «Мәңгілік ел»

ӘОЖ 378 (094)
КБЖ 74.58

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған

Жинақта ұсынылған мақалалардың мазмұны үшін жеке автор(лар) жауапты

ISBN 978-601-7934-72-9

© Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай
мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

ТӨМЕНГІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫННЫҢ ТИІМДІЛІГІ

The effectiveness of computer games in teaching english in elementary grades

Г.С. Бикенова,¹ А.А. Садақбаева²
G.S. Bikenova,¹ A.A. Sadakbaeva²

^{1,2}Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қостанай, Қазақстан, *gulbanu_1111@mail.ru*

Аннотация

Мақалада ағылшын тілін төменгі сыныптарда оқытуда компьютерлік ойындардың тиімділігі қарастырылған.

Abstract

This article is about the effectiveness of computer games in teaching English in elementary grades.

Кілт сөздер: компьютерлік ойындар, грамматикалық ойындар, интернет, оқыту үдерісі
Key words: computer games, grammar games, internet, teaching process.

Ойын – оқушылардың жаңа тақырыпты жеңіл және түсіне меңгеруіне мүмкіндік туғызып, олардың қызығушылық пен ынтасын, тілге қызығушылығын арттыру жолдарының бірі. Ойындар коммуникативті біліктілікті дамытады. Біріншіден, ойындар оқушылардың сөйлеу қабілетін дамытады. Екіншіден мұғалімнің бақылауымен тілді дұрыс қолдануды қамтамасыз етеді және, үшіншіден, оқушылар ойын болғандықтан, ынталана қатысады.

Ойындарды қолданудың көптеген пайдалары бар. Ойындар дегбірсізденудің алдын алады және үйренуді жеңілдетеді» [1,7-10]. Олар ұялшақ оқушыны өзінің сезімдері мен ойларын жеткізуде жігерлендіреді, себебі ойындардың адамның көңілін көтеруде, рух беруде маңызы зор. Сонымен қатар олар үйренушілерге өзіне тән сабақтарда әрқашан мүмкін бола бермейтін шет тілімен бірге жаңа белестерді алуға мүмкіндік береді. Ричард Аматоның сөзіне назар аударсақ, «ойындар сынып жаттығуларынан аутқиды, бірақ тосқауылды бұзып, жаңа ойды таныстыруда қолданылады». Жай сөздермен айтқанда, ойындар арқылы қалыптасқан атмосферада, оқушылар оқығандарын тезірек әрі жақсырақ сақтайды. А.Эрсоз да осы ойды қуаттап, «Үйренушілердің тілді болашақ өмірлерінде қолданулары үшін ойын арқылы тілді жаттықтырады» деген.

Ойындар жігер береді, көңілді көтереді, үйретеді және жетік меңгеруді дамытады. Бұл айтылғандардың біреуі де көңіл толтырмаса да, ойындар шет тіліндегі проблемаларды ғана емес, сондай-ақ тілдің керемет сұлулығын сезінуге көмектеседі.

Ойындарды талқылағанда көңілге ой тастарлық факторлар өте көп. Солардың бірі – *үйлесімділік*. Үйрену процесіне пайдалы ойын таңдағанда мұғалімдер асқан сақтық таныту керек. Ойындардың жақсы көрсеткіш беруі үшін, оқушының деңгейі, жасы және оқыту бағдарламасымен үйлесуі керек. Жас ерекшелігіне байланысты кейбір ойындар оқушымен сәйкеспейді. Әр түрлі жас буындары әр қалай тақырыптарды, материалдарды және ойындардың да әр түрлі тәсілдерін талап етеді. Мысалы, жас бүлдіршіндер қимыл-қозғалысты қажет ететін, еліктіретін, бір-бірімен сайысқа түсетін ойындардан көбірек үйренеді. Сонымен қатар тілдің белгілі грамматикалық жақтарын жаттықтыратын немесе нығайтатын құрылымдық ойындар оқушының қабілетімен біліміне байланыстырылуы керек. Егер тақырыптар үйлеспесе немесе оқушының тәжірибе шеңберінің сыртында болса, ойын, біріншіден, қиындайды, екіншіден, маңызын жоғалтады.

Ойын әсерінің келесі факторы – *ойынның ұзақтығы*. Көп ойындардың уақыты шектеулі, алайда оқушының деңгейіне және біліміне байланысты ойын ұзақтығын ұзарту немесе қысқарту ұстаздың еркінде.

Ойындар көбінесе көңіл сергітерлік қысқа жаттығулар ретінде немесе сабақ соңында азғантай бос уақыт қалған кезде ойналады. Әйтседе, Лидің пайымдауы бойынша, «ойын оқушы мен оқытушының сабақ уақытында істейтін ісі қалмаған кезде қолданылатын тыс жаттығу ретінде бағаланбауы керек. Ойындар шет тілдік үйретудің жүрегі болуы керек» [2; 21-30]. Риксон «Ұқыпты әрі үйлесімді таңдалған ойындар дәрістердің барлық деңгейінде қолданылуы керек» деп, кеңес береді. Сабақтың әр түрлі кезеңдерінде ойынға байланысты мұғалімнің мақсаттары түрленуі мүмкін.

Төменгі сынып оқушыларын ойын арқылы оқыту бастауыш мектепте ағылшын тілінде сабақ жүргізуде басты рөл атқарады. Қазіргі уақытта компьютерлік ойындар арқылы оқыту кең таралған. Интернетке тегін кіру кезінде мұғалім сыныпта қолдануға болатын көптеген білім беру компьютерлік ойындарын таба аласыз. Менің ойымша оқу компьютерлік ойындары төменгі сыныптарда қолданылуы керек деп ойлаймын. Оқу компьютерлік ойындары төменгі сынып оқушыларын ағылшын тілін үйренуге ынталандырады. Компьютерлік ойындардың көмегімен мұғалім сабақ барысында мульти сенсорлық тәсіл қолдануға мүмкіндік алады. Компьютерлік ойындар мектеп оқушыларын ағылшын тілін сабақта және сабақтан кейін белсенді түрде қолдануға мүмкіндік береді. Көптеген оқушылар білім беру және тәрбиелік жүктемеге қатысы жоқ компьютерлік ойындарда ойнайды. Сондықтан сабақта компьютерлік ойындардың қолданылуы оқушыға таныс болады, ал компьютерде немесе планшетте өткізілген уақыт төменгі сынып оқушыларын дамытуға және оқытуға жағымды әсер етеді. Оқу компьютерлік ойындарының арқасында кіші сынып оқушыларының тілдік және сөйлеу құзыреттілігін дамытуға болады.

Компьютерлік ойындар лексикалық, грамматикалық, фонетикалық дағдыларды қалыптастыруда қолданылады, сонымен қатар оқуды, сөйлеуді және тыңдап түсінуді жаттықтырады. Сөз бен тілдің құзыреттілігін қалыптастырудың кең ауқымы білім беру спектрі компьютерлік ойындарды ағылшын тілі сабақтарының маңызды құрамдас бөлігі етеді. Компьютерлік ойындардың маңыздылығы мен ақпараттылығына қарамастан, мұғалімге компьютерлік ойындарды сабақтарда қолдануда уақыт және тәртіптік шектеулер қою керек. Оқушылар сабақта ойнап және шулап кетуі, ондай жағдайда сабақ мақсаты орындалмайды. Компьютерлік ойын сабақтың басында қолданылуы керек, оқушылардың өздері сабақтың тақырыбын түсінулері керек. Мұғалім ойындағы тапсырманы өздігінен орындай алады, содан кейін компьютердегі ойынды оқушыға ойнауға сұрай алады. Компьютерлік ойын сабақтың жемісті жұмысы үшін сый ретінде пайдаланылуы мүмкін, мұндай жағдайда оқушылар жарысып оқуы мүмкін.

Көпсалалық көзқарас – ағылшын тілін кіші сынып оқушыларына үйретудің ең жақсы әдісі. Компьютерлік ойындар арқылы мұғалім мульти-сенсорлық тәсілді қолдана алады. Компьютерлік ойында аудио ойнату, жарқын түстер бейнеленген. Оқушылар әрдайым қозғалады, интерактивті тақтаға шығып, ағылшын тілінде пікір алмасады, компьютерлік ойындар тақырыбында өз сызбаларын немесе қолөнерін жасай алады. Оқушылар компьютер мен интерактивті тақтаны қолданғанда пайдаланатын фразалармен танысады, қажетті сөз тіркестерін басып шығару үшін пернетақтадағы ағылшын әліпбиінің әріптерін қосымша түрде есте сақтайды. Тиісінше, оқушылар компьютерде жұмыс істеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік алады. Оқу компьютерлік ойындарын қолдануға ұсынылған нұсқаларға сүйене отырып, ағылшын тілінің қазіргі заманғы мұғалімде оқушыларға ағылшын тілін үйретуге көмектесетін үлкен қаражат қоры бар деген қорытынды жасауға болады. Оқу компьютерлік ойындарының арқасында ағылшын тілін оқыту тек білім беру мекемесінің қабырғасында ғана емес, сонымен қатар оқушының ыңғайлы уақытта үй жағдайында оқуға мүмкіндігі бар. Әсіресе, бұл демалыс күндерінде оқушы ағылшын тілін қызықты және тиімді оқи алады [4; 21-30].

Ойындар көңілді, әрі ұнамды бағытта оқығандарын еске түсіру арқылы үйренушінің қайталау жаттығуларында жақсы қызмет атқарады. Аты аталған барлық авторлардың пайымдауы бойынша, ойындардың көрсеткіші тек айғай-шу мен көңілді оқушылар болса да, оқушыны жігерлендіретіндіктен, сөйлеу мәдениетін дамытатындықтан және жетік меңгертетіндіктен, көңіл бөлуге тұрарлық жайт екеніне еш қарсылықтары жоқ.

Сөз ойындарының жиынтығы – шет тілін үйретуде ұстаздар үшін өте құнды қор. Ең алдымен, жиі кездесетін сөздіктер мен құрылымдарды қолдану арқылы тілдің өркендеуіне негізделе отырып, олар сынып дәрістерін нығайтады, қосымша емле ережесі мен сөйлеу мәдениетін дамытады. Сонымен қатар тындауға да жаттықтырады.

Ең нұсқаулы тіл үйретуде ойындар – арнайы құрылымдарды айрықша екпіндейтін ойындар. Олар тек үйреншікті өрнектерді жаттықтырып қана қоймай, сонымен қатар жеңіл әрі ұнамды бағытта, грамматиканың қиындықтарын ұмыттырып, көңіл көтеруге маңыз бөледі. Мәселен, маңызына қарай Иә/Жоқ сұрақ ойыны, Wh-сұрақтар ойыны, салыстырмалы және күшейтпелі шырайлар ойыны, үстеулер ойыны т.с.с. ойындарды айтуға болады [4; 21-30].

Шет тілін үйренуде грамматиканы меңгеру ең маңызды мәселе. Сол себепті оқушының назары мен күш-жігерін грамматикаға бағыттау үшін барлық жолдарды қарастыру қажет. Сол жолдардың бірі – балаларды емін-еркін атмосферада жаттықтыратын ойындар. Жасөспірімдер сыныптан, тақырыптан, бағдарламадан тыс емін-еркін сезінуді ұнатады және білім беру процесінің объектісі емес субъектісі болуды қалайды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, ойын тудыратын қуат көзі үлкен мақсаттарға жеткізетін күш-жігерді қалыптастырады.

Адамдар туған тілін есту, еліктеу, қайталау және өмірлік жағдайларда қолдану арқылы үйренеді. Дәл осы жол екінші тілді үйрену үшін де ең әсерлі жол. Сол себепті қазіргі тәжірибелі мамандар тіл мұғалімдеріне стандартты сөздік жазу, жаттығудан гөрі іс-әрекет, қимыл, ойындар арқылы үйретуге кеңес береді. Мамандардың айтуы бойынша, «ойын тәсілін қолдану арқылы үйретудің тамаша нәтижелерін бақылап жүріп, күндердің бір күнінде жаңа тілді қалайша жетік меңгергеніңе таңғаласың. Және де, өзіннің жаңа идеяларыңмен тәсілдеріңді дамытып, оқушыларыңның оқу деңгейі жоғарлауына әсер бересің».

Қорыты айтқанда, белгілі бір мақсатқа құрылған ойынның қашанда баланың жаңа сабақты терең меңгеруіне әсері күшті. Ойын баланы зерігуден, жалығудан құтқарады және сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Репина Е.В. Использование компьютерных игровых программ для обучения английскому языку в начальной школе // Английский язык, Изд. дом «Первое сентября». – 2009. – №6. – Б. 5-8.
2. Ричард Амато. Игровобученияязыку (Games for Language Learning). – Cambridge: Cambridge University Press,
3. Айдан Эрсоз. Обучение иностранному языку с помощью игровых моментов (ELT through games) // The Internet TESL. – June 2000. – Vol. VI. –№6. – С. 34.
4. Риксон С. Как использовать игры в обучении языку (How to use games in language teaching). – London: Macmillan Publishers Ltd, 1981.
5. Муковникова Е.В. Эффективное использование цифровых образовательных ресурсов на уроках английского языка // Английский язык, Изд. дом «Первое сентября». – 2008. – №4. Б. 4-7.

ИЗУЧЕНИЕ МИГРАЦИОННЫХ МАРШРУТОВ И МЕСТ ЗИМОВОК ХИЩНЫХ ПТИЦ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Study of the migratory routes and wintering areas of the birds of prey of the Kostanay region

Е.А. Брагин
E.A. Bragin

Костанайский государственный педагогический университет им. У. Султангазина,
Костанай, Казахстан, Наурзумский государственный природный заповедник, Казахстан,
naurzum@mail.ru

Аннотация

В данной работе приводятся результаты исследования миграционных маршрутов и мест зимовок орла-могильника (*Aquila heliaca*), орлана-белохвоста (*Haliaeetus albicilla*),

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Е.А. Әбілдің құттықтау сөзі.....	3
Приветственное слово ректора Костанайского государственного педагогического университета имени У. Султангазина, доктора исторических наук, профессора Е.А. Әбіл.....	5
Greeting speech of the Rector of Kostanay state pedagogical university named after O Sultangazin, doctor of historical sciences, professor E.A. Abil.....	6

1 СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ CURRENT ISSUES OF THE EDUCATION SYSTEM DEVELOPMENT

<i>Абдулина Г.Б.</i> Развитие учебной самостоятельности будущих техников-программистов на основе интерактивных средств изучения дисциплин профессионального цикла.....	8
<i>Абдыкаликова К.А., Қанезова А.М., Жунаева М.Н.</i> Органикалық заттардың құрылысын анықтауда физика-химиялық әдістерді қолдануға негізделген есептер.....	10
<i>Айгужина Г.З., Омаров А.Р., Темирғалиева С.Е.</i> Роль адаптивной физической культуры в социализации инвалидов и лиц, с отклонениями в состоянии здоровья.....	13
<i>Айтбенова А.А.</i> ICT сабағында CLIL әдісін қолданып тілдік күзiреттiлiктi қалыптастыру.....	16
<i>Алипбаева Г.А., Кабиева А.Н.</i> Психикалық дамуы тежелген кiшi мектеп жасындағы оқушылардың қоршаған орта сабақтарында оқуға деген ынталарын қалыптастыру бойынша түзету жұмысы.....	20
<i>Ахметбекова З.Д.</i> Влияние интернета на развитие толерантности у студенческой молодежи.....	24
<i>Ахметова Э.Б., Баймаганбетова К.Т.</i> География сабақтарында проблемалық оқыту әдістерін қолдану.....	27
<i>Балаканова А.Е.</i> Технология CLIL в преподавании общеобразовательных дисциплин.....	31
<i>Балжанова А.М.</i> Языковое образование в контексте современных образовательных тенденций в Казахстане.....	33
<i>Бекетова А.С., Гринь Л.В.</i> Современные инновации в системе образования.....	37
<i>Бектурганова Р.Ч., Кетебаева К.К.</i> Из опыта работы Костанайского колледжа Зерек по подготовке будущих учителей к исследовательской деятельности на основе информационно-коммуникационных технологий.....	40
<i>Бикенова Г.С., Садақбаева А.А.</i> Төменгі сынып оқушыларын шетел тілінде сөйлеуге үйретуде компьютерлік ойынның тиімділігі.....	44
<i>Брагин Е.А.</i> Изучение миграционных маршрутов и мест зимовок хищных птиц Костанайской области.....	46
<i>Волкова Н.А.</i> Формирование художественно-эстетической компетенции студентов-дизайнеров посредством декоративно-прикладного искусства.....	51
<i>Ерсултанова З.С.</i> Жоғары білім беруде ақпараттық коммуникациялық технологиялардың ролі.....	54
<i>Жандауова Ш.Е., Байтасова А.В.</i> Развитие логического мышления на уроках математики как основа повышения качества образовательного процесса.....	57